

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛ ШЫБЫСЫ!

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№110 (2493) 19/11/2019

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ДӘЙКӨСӨЗ

Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ,
«ҚТЖ» ҰҚ АҚ БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ
ОРЫНБАСАРЫ:

**КОМПАНИЯНЫҢ
ЖҮК АЙНАЛЫ-
МЫНЫҢ ЖАЛПЫ
КӨЛЕМІНДЕ ТРАНЗИТ-
ТІК ТАСЫМАЛДАРДЫҢ
ҮЛЕСІ ӨСУДЕ. БАСТЫ
НАЗАРДА – КОНТЕЙ-
НЕРЛІК ТАСЫМАЛДАУ**

ХАБАР-ОЩАР

**ТРАНЗИТ ТАСЫМАЛЫНЫҢ
ТИІМДІ ЖОЛЫ**



Қытайдың Чэнду қаласында China (Chengdu) International Supply Chain and Smart Logistics Expo (SCSL 2019) көліктік-логистикалық қызметтерінің ең ірі халықаралық мамандандырылған көрмесі өтуде.

Әлемнің 12 мемлекетінің 10-нан астам теміржол өкілшілігі мен 190-нан астам экспонент қатысып жатқан бұл шарада Қазақстан темір жолы тарапынан ҚХР-дағы және Оңтүстік Шығыс Азия елдеріндегі «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ өкілдігі көрмеге өз стендін ұсынды.

Көрме шеңберінде Чэнду, Чунцин, Ганьчжоу қалаларының қытайлық логистикалық платформалар жетекшілерімен, сондай-ақ, Иран теміржолдары өкілдерімен Өзбекстан және Түркіменстан аумағы арқылы құрғақжол бағдарын дамыту бойынша келіссөздер жүргізілді.

«Қытай – Қазақстан – Түркіменстан – Иран бағдарының жалпы ұзындығы шамамен 10 мың шақырымды құрайды. Жолдағы жалпы уақыт бар-жоғы 2 апта шамасын құрайды, бұл 25-30 тәуліктің уақыт кететін теңіз жолына қарағанда екі есе жылдам. Қытай – Қазақстан – Түркіменстан – Иран теміржол бағыты Шығыс Қытай жағалауынан Парсы шығанағы нарығына жүк жеткізудің алашқы логистикалық шешімі болып табылады», – деп атап өтті өкілдіктің басшысы Ерік Әубәкіров.

Түркіменстан бойынша жеткізушілердің және тасымалдаушылардың қажеттіліктеріне сүйене отырып, Серхетактан Серхакке дейін, Иранмен оңтүстік-шығыс шекараға дейін немесе Ақайлге дейін және одан әрмен Иранның солтүстігіне қарай екі бағыт қарастырылған. Аталған көлік-транзиттік дәлізін құру Қазақстан-Түркіменстан-Иран халықаралық темір жолын салғаннан кейін мүмкін болды.

Сондай-ақ, кездесу барысында Қытай-Еуропа-Қытай бағыты бойынша және Транскаспий дәлізі бойынша Қазақстан аумағы арқылы транзитпен жүк және контейнерлік тасымалдаудың ағымдағы жағдайы мен жоспарлары, жаңа бағдарларды дамыту мәселелері талқыланды.

Ислам ТАЛҒАТ
Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

БҮГІНГІ САН

**ҚАЗІРГІ ТАҢДА
АСУДҚР ЖҮЙЕСІМЕН
ЕЛІМІЗДЕГІ БАРЛЫҚ**

456

СТАНЦИЯ ҚАМТЫЛҒАН.

СЕРВИС

С УДОБСТВАМИ И КОМФОРТОМ

Пассажиры плацкартных вагонов АО «Пассажи́рские перево́зки» теперь передвигаются с еще большими удобствами и комфортом. Убедиться в этом смогли и представители СМИ в рамках однодневного пресс-тура по маршруту Нур-Султан – Сарыағаш.

Руслан РАХМЕТОВ

Состав с новыми вагонами был подан на четвертый путь. На входе вместо привычного бумажного расписания висит электронное табло, где отображается маршрут, номер поезда, температура воздуха внутри и снаружи состава. В общем очень полезное устройство. Впрочем, вагон оснащен и Wi-Fi роутерами. Проходим дальше и видим, что исчез туалет. Теперь два биотуалета размещены рядом, в конце вагона, на стороне, противоположной купе проводника.

– Теперь пассажирам не придется становиться в очередь в начале вагона – кто за чаем, кто в туалет, – говорит проводник поезда Амангелды Казимбаев.

Он признается, что работает на железной дороге уже 25 лет и знаком со всеми типами вагонов, но новый плацкарт значительно упростил жизнь проводникам и пассажирам.

– Пульс управления централизован, это позволяет без особых усилий включать освещение, акклиматизацию. Раньше все эти операции выполняли вручную. Кроме того, новые плацкарты оснащены современной системой пожаротушения с множеством датчиков дыма, собственным пожарным шлангом и запасом воды, – подчеркнул он.

Интерьер вагона также производит впечатление. Все максимально просто и удобно. Благодаря системе кондиционирования зимой здесь тепло, а летом температура воздуха будет охлаждаться до 16 градусов. Внутри также установлены современные фильтры для обеззараживания и очистки воздуха. В каждом отсеке плацкарта есть шесть розеток и два USB-порта. Порты находятся над одной из верхних полок. У каждого спального места есть стандартные светильники для индивидуального чтения.

– За последние 15 лет я впервые еду на поезде в гости к дочери. Все очень нравится, чисто, особенно постельное белье. Нравится, что для безопасности в вагонах разместили камеры наблюдения и то, что есть холодильник и микроволновая печь, – делится впечатлениями пенсионерка Бимакен Бимажанова.

– Когда подошла на посадку, думала увижу старые вагоны. Но когда вошли в шестой вагон, были приятно удивлены. Наконец-то дождалась новые вагоны. Теперь не надо «стоять на посту», чтобы зарядить телефон, напряжение в сети отличное. А кипяток и холодную воду можно набрать из привычного титана или диспенсера, – улыбаясь рассказывает жительница города Павлодар Карлығаш Кенжебаева.

Она ездит в Караганду почти



каждый месяц, и как большой ребенок радуется новым вагонам, хотя поездила на поездах немало.

Изменения коснулись и комплектов постельных принадлежностей. С 1 ноября поезда Казахстана стали оснащаться новым мягким комплектом. Это синтепновые подушки, новые матрасы, которые очень удобны. Раньше они обваливались, прогибались, и это было неудобно. Конечно, сам комплект белья очень чистый, стерильный. Если же пас-

сажир в пути будет недоволен им, то он может обратиться к проводнику и заменить его совершенно бесплатно. Все это делается для повышения комфорта и сервиса пассажирам, – отметил официальный представитель АО «Пассажи́рские перево́зки» Диас Ахметшарип.

Напомним, в ближайшие 10 лет АО «Пассажи́рские перево́зки» планирует закупить 1200 новых вагонов. В нынешнем году отечественным заводом «Тулпар-Тальго» по российской технологии было изготовлено и передано национальному перевозчику 63 новых вагона.

Фото Александра ЖАБЧУКА

СОТРУДНИЧЕСТВО

ТРАНЗИТ В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

Председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Сауат Мынбаев встретился с вице-президентом по международному сотрудничеству компании «Асиад Оман глобал лоджистикс» Бадером Аль-Нааби.

Асель ШАЙХЫНОВА

В ходе встречи Сауат Мынбаев проинформировал о транспортно-логистических возможностях и транзитном потенциале Казахстана.

Гостям из Омана интересно было узнать, что ҚТЖ оказывает полный спектр транспортно-логистических услуг и принимает активное участие в развитии транзитного сервиса страны. Особую заинтересованность у них вызвало то, что компания интегрирует перевозки железнодорожным транспортом с использованием портовой инфраструк-



туры. Также им рассказали о том, что в целом ҚТЖ развивает такие транзитные транспортные маршруты, как Северный, Южный и

Центральный коридоры Транскаспийской железнодорожной магистралей, ТРАСЕКА, Север – Юг, Транскаспийский международ-

ный транспортный маршрут.

В свою очередь, Бадер Аль-Нааби отметил, что основная цель визита – изучение возможности создания транзитно-транспортного коридора между регионом Центральной Азии, включая Казахстан и Оман, с дальнейшим выходом на рынки стран Персидского залива и Африки.

– Мы знаем о высококом транзитном потенциале Казахстана. Нам интересно обсудить с АО «НК «ҚТЖ» как с национальной компанией, уверенно работающей на международной арене, возможности дальнейшего тесного сотрудничества с Асиад Оман глобал лоджистикс, – сказал он.

«Асиад Оман глобал лоджистикс» – ведущая оманская компания в области логистики, транспорта, управления морскими портами и свободными экономическими зонами. Группе компаний принадлежит вся транспортная инфраструктура Омана.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖОЛ САПАСЫН АРТТЫРДЫ

Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуы көп жағдайда темір жолдың техникалық жағдайына тікелей байланысты. Сондықтан Магистральдық желі дирекциясына қарасты Жол және құрылыстар департаменті темір табанды жолдың бабында болуын қадағалап, диагностика жұмыстарын айына екі рет жүргізіп отырады.

Сұлғұл БАКЕСОВА

Биылғы жылдың он айының жұмыс қорытындысы жол шаруашылығы бойынша орташа балдық бағалау 69 баллды құрағанын көрсетеді. Бұл жол жағдайының «жақсы» деп бағаланып, сапалы күтім жасалғанын білдіреді, жоспардың орындалуы 107% құраған. Барлығы 44 жол дистанциясы арасынан 33-інің жол күтімін «жақсы», ал қалған 11-інің «қанағаттанарлық» деңгейінде ұстағаны белгілі болды.

Мамандар ұсынған дерекке сүйенсек, биыл 10 ай ішінде жолдарды диагностикалау барысында 1926 км қанағаттанарлықсыз жол анықталса, былтыр бұл 1513 км құраған. Жолдың техникалық жағдайын жақсарту көп жағдайда жазғы жол жұмыстары барысында жүзеге асатыны рас. Мәселен,

биыл жол техникаларын пайдалану арқылы жолдың ағымдық күтімін жасауда ауқымды жұмыс атқарылған. Атап айтсақ, 13 бірлік DUOMATIC 09-32 CAT түзету-шегелеу-тегістеу машинасын жұмылдыра отырып, 3500 км жол жұмыстары жүргізілсе, РМ-80, РМ-2002 шағыл тастарды тазалаушы машинасымен рельсшіпшал төркөздері астындағы шағыл тастар тереңірек тазартылған. Биылға межеленген көлем 275 км болса, 10 ай ішінде соның 272 шақырымы орындалған. Сонымен қатар рельс-ажарлаушы Атлас 48/6,48/7 пойыздарымен есепті мерзім ішінде 3538 шақырым рельстің кедір-бұдыры түзетіліп-тегістелген. Алда 262 км рельстің ажарын келтіріп, өрлеу жұмысы қалып отыр. Ал Балашенко жүйесіндегі ПРБ типіндегі жол түзеткіш машиналарымен 967 км тузу және қисық жол телімдерінде жолды түзету жұмыстары жүргізіліпті. UNIMAT жол



машиналарымен 1000 бағыттағыш бурманы түзету және тегістеу жұмыстары жүргізілсе, осыған ұқсас шаруалар ВПРС техникаларымен 101 бағыттағыш бурмада атқарылған. Ал Desek машинасымен 264 бағыттағыш бурмада сауықтыру шаралары өткізіліпті.

Тімді ұйымдастырылған жолды сауықтыру жұмыстары нәтижесінде жүк пойыздарының жылдамдығын 560,8 шақырымда арттыруға қол жеткізілген. Оның 372,5 шақырымы күрделі жөндеу жұмыстарының жемісті нәтижесі болып отыр. 58,7 км жолда электропойыздар жылдамдығы арттырылса, контейнерлік пойыздар үшін 1738 км шамасында жылдамдық көтерілген. Сондай-ақ, «Тальго» вагонды жоллаушы пойыздары 527,3 км, ал жай жоллаушы пойыздары 932,3 км жолда жылдам жүйткі алады екен.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

НОВОСТИ

ПЛАН ОСЖД ВЫПОЛНЕН ДОСРОЧНО

Своевременная организация работ по приему/передаче грузов через пограничные железнодорожные переходы Казахстана и Китая позволила досрочно выполнить План Организации сотрудничества железных дорог (ОСЖД) на 2019 год.

Согласованный план перевозок на текущий год составил 15 миллионов тонн. Перевозка экспортного груза из Казахстана в Китай выросла на 24,8% по сравнению с показателем минувшего года. 15 ноября 2019 года благодаря совместным усилиям железнодорожников двух стран удалось досрочно выполнить План ОСЖД по объему перевозок грузов.

– Для выполнения Плана перевозок неоднократно проводились встречи между специалистами АО «НК «Қазақстан темір жолы» и ГК «Китайские железные дороги», их дочерних организаций – АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» и ООО «Урумчійская железная дорога», на которых рассматривались вопросы обеспечения беспрепятственного приема/передачи поездов, эффективного использования мощности переходов, а также взаимодействия с причастными государственными органами, – отметил руководитель филиала АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Алматынское отделение перевозок» Нурым Жаниязов.

На 2020 год объем перевозок запланирован на уровне 18 миллионов тонн.

Алинур КУДАЙБЕРГЕН

ЭКОНОМИЯ ВРЕМЕНИ И РЕСУРСОВ



На базе Кокшетауского оборотного локомотивного депо открылся цех по обточке колесных пар. Проведение ремонта в объеме ТО-4 позволит не только продлить срок службы колес но и снизить простой подвижного состава в ремонте.

С открытием цеха кокшетауские железнодорожники смогут провести обточку колесных пар непосредственно на месте, из-за чего отпадает необходимость транспортировать локомотив в специализированное депо. Ранее для этого ежемесячно приходилось отправлять до 4 локомотивов на станции Нур-Султан и Жана-Есиль в частные предприятия ТОО «Камкор Локомотив» и ТОО «Жана-Есиль-Феникс».

Кроме того, в цеху установлено специальное оборудование по проверке автотормозов. Данная услуга также оказывалась на станции Ерейментау в частном предприятии ТОО «ТМЗ Сервис Казахстан». Ежегодно в Акмолинском отделении ГП проводится проверка автотормозного оборудования локомотивов (до 35 крытых-машинистов).

– Открытие нового цеха и установка оборудования позволяют сэкономить время и расходы на транспортировку или перемещение локомотивов, на командировку сопровождающего персонала, время простоя локомотива, а это порядка свыше 9,5 миллиона тенге, – говорит главный инженер Акмолинского отделения ГП Сайран Баржакин.

По его словам, филиал АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» постоянно проводит работу по улучшению эксплуатационной деятельности, повышению доходности отделения.

Повреждение гребня колесной пары возникает в результате механических нагрузок во время работы локомотива. Кроме того, обточка колесных пар позволяет продлить их срок эксплуатации и уменьшить время нахождения в ремонте. Обточка следует проводить не менее одного раза в квартал.

Железнодорожники намерены оказывать услуги по обточке колесных пар сторонним организациям или другим филиалам АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки».

Айлин БАУРЖАН
Фото автора

АҚПАРАТ

АҚКӨЛДЕН ЕЛТАЙҒА ДЕЙІН



Ірілендірілген Астана жол дистанциясының Ақкөл-Елтай станциялары бойынша тақ және жұп алқымын қоса алғанда 160 км темір жолдың күтімін №2 телімінің жолшылары жасап отыр.

Нұр-Сұлтан-Көкшетау бағытында жатқан 407-329 шақырымдар арасындағы телімді екі жылдан бері басқаратын Русланның жалпы теміржолдағы еңбек өтілі – 7 жыл.

– Үшінші класты Ақкөл станциясы – біздің телімнің орталығы. Осында табельныйда күн сайын таңертең 9-да жиналып, күнді жоспарлап, жол шеберлері мен бригадирлерге нұсқаулықтар береміз.

Қарашаның басталғаны кеше, солтүстікке ерте түсетін қыс бұл аймаққа биыл да ерте түсіп, бүгінде қалың қар жауып үлгерген. Егер қар рельс бастигінен асса, оны тазалауға арнайы техникалар жұмылдырылады.

– Үлкен жолдың бойында жатқандықтан жауапкершілік те жоғары. Ақкөл станциясының басында 9 жол бар. Бұл – қалалық типке жататын үлкен елді мекен.

Елтай станциясында жеке шаруашылықтар көп болғандықтан мал да көп. Сондықтан осы бағытта 1,5 км жерге жаңадан малға қоршау салынып және ескілері жаңартылыпты.

Ұлан ОРАЗ Суретті түсірген автор

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

ҚАУІПСІЗДІК БАРШАҒА ОРТАҚ

Қызылорда ЖТ бөлімшесінде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

Қызылорда ЖТ бөлімшесінің директоры Аманкелді Арысбаев, Магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Ербол Оңғарбаев, Қызылорда көлік прокуратурасының бастығы Еркебұлан Лесбеков, тағы басқа тиісті сала мамандары қатысқан жиында пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтаудағы оңтайлы жолдары қарастырылып, ой айтылды, ұсыныс білдірілді.

– Өткен жылдың сәуірі мен мамыры аралығындағы уақыт аралығындағы пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтаудағы оңтайлы жолдары қарастырылып, ой айтылды, ұсыныс білдірілді.

– Мағла қарсы қоршауларды күшейтеу жұмыстары да қарқынды жүріп жатыр. Сексеуіл-Қоскөл жаңа телімінің 180 шақырымына қоршау салу жұмысын жүргізудеміз.

МАУСЫМ

ҚЫСТАН ҚЫСЫЛМАЙДЫ

Ел шығысындағы іргелі мекеме Аягөз жол дистанциясы биылғы жылы еңбек жағдайын жақсарту мен санитарлық-сауықтыру сынды шараларды ұйымдастыруда іргелі табыстарға жетті.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

Жол шаруашылығында алар үлесі зор Аягөз жол дистанциясы (ПЧ-42) басшылығы еңбек жағдайын жақсартуға ағымдағы жылға бөлінген қаражатты толықтай игеріп, жолшылар игілігіне жаратуда.

Сол тәрізді жол шеберлерінің ұсынысымен Ақтоғай-Аягөз-Жарма телімдері аралығында қауіпсіздік белгілері бастан-аяқ жаңартылған.

Бұған қоса, желі бойына іргелес жылыну үйшіктері мен жолшылар қосындыларының қауіпті тұстары қоршалып,



учаскесіндегі Шұғыла шағын ауданы маңында қайталанатыны анықталған. Жүргізілген хронометраж нәтижесінде, бұл маңда тұрғындардың тығыз орналасуы, 2 сағат ішінде 78 азаматтың теміржол өткелінен өткені тіркелген.

– Осы шаралармен қатар, электрлі құрылғылар қауіпсіздік талаптарына сай қайта жабдықталды. Өрт қаупін азайту мақсатында көпшілік нысандардағы кабельдер қайта ауыстырылған.

Қыс мезгілі қатал сынаққа толы Шығыс өңірінде жолшылар үшін жол техникаларының қажеттілігі орасан. Сол себептен де, жүргізілген жұмыстардың сыртында қысқы уақытта жұмыс істейтін жол машиналары жылытылып, санитарлық нормаларға сай жөндеуден өткізілген.

қатысты бөлімше тарапынан Белкөл, Шорнак, Жалағаш, Арал теңізі станцияларында адам өтетін өткелдер салуға техникалық құжаттар әзірленіп берілген, оның жүзеге асуы жергілікті атқарушы органдар еншісінде, – деді ол.

Қызылорда локомотив пайдалану депосы басшысының орынбасары Жанатбек Жұнұсов тепловоз машинистерінің жедел тежегіш қолдануына қатысты түсінік берді.

Қызылорда локомотив пайдалану депосы басшысының орынбасары Жанатбек Жұнұсов тепловоз машинистерінің жедел тежегіш қолдануына қатысты түсінік берді. Машинистердің сапары –деподан шыққаннан қайта оралғанға дейін түгел МСР лентасына, онан бөлек КЛУБ құрылғысына автоматты түрде тіркеліп жазылатынын айтты.

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі директорының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары

ры Жанарбек Өтегенов станциялық жолдардағы жаяу жүргіншілерге арналған өтпе жолдардың жөндеуден өткізілінін, қосымша ескерту белгілері орнатылғанын жеткізді.

Қызылорда жол дистанциясының бас инженері Ақыл Әбілдаев теміржол өтпелерінің екі жағына қойылатын автожол белгілерін анықтап, жаңалап қайтадан қою жайлы ұсыныс айтты.

Жиынды қорытындылаған бөлімше директоры Аманкелді Қонысбайұлы Шұғыла шағын ауданы тұсындағы ескі теміржол өткеліне жаңа көпір салу ұсынысы жергілікті атқарушы органға бірнеше рет жөнелтілгенін және де алдағы жылдары Шиелі, Арал теңізі және Жаңақорған станцияларында өткел салу жоспары облыстық мәслихат депутаттары тарапынан мақұлданғанын білдірді.

Суретті түсірген автор



тракторлар кабиналары қатал қысқа күні бұрын толықтай әзірленді.

Айта кетерлігі, осыған дейін аягөздік жолшылар қауымын қысқы мерзімдегі арнайы киіммен қамтуда біршама проблема туындап келген болатын. Биылғы жылы ол кемшіліктер түбегейлі жойылған.

– Қазіргі күні қысты алғаш рет желі бойында өткізетін мамандармен жұмыс жүргізіп жатырмыз. Дистанциядағы 12 адамға №235 бұйрыққа сай тәжірибелі мамандар бекітіліп берілді, – дейді ПЧ-42 мекемесінің басшылығы.

Байқағанымыздай, жұмыс орын-

дағы қолайлылық арттырылып, еңбек жағдайы жақсартылған соң жолшылар қауымының да қызметке қолшынысы жоғарылап, көңіл күйлері көтерілген.

Суретті түсірген автор

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

БОРАНДЫ БЕКЕТТІҢ БҮГІНІ

«Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады... Бұл өлкеде темір жолдың қос қапталынан басталып сақара сар даланың кіндік тұсы – Сарыөзектің ұлан-ғайыр жазығы кесіліп жатады. Бұл өлкеде қашықтық атаулы, уақыттың Гринвич меридианы бойынша өлшенгеніндей, темір жолдың алыс-жақындығына қарай өлшенеді. Ал пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...»

Әсел ЖАЙНАҚОВА, Жамбыл

Бұл – әлем жазушысы Шыңғыс Айтматовтың әйгілі «Боранды бекет» шығармасынан үзінді. Жамбылдың Жуалы ауданындағы Боранды бекетінің бүгінгі тынысы да осы суреттегідей: пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай үздіксіз жүйткіп жатыр. Станция директоры Махмұт Сәрсенбаев:

«Біздің жақтың табиғаты жайсыздау екені белгілі. Ең бастысы, теміржолшылардың қауіпсіздігіне, жұмыс ырғағының бұзылуына баса мән береміз. Теміржол саласында жыл сайын өтетін екі маңызды науқан – күзгі және көктемгі байқаулар біздің жұмысымыздың бағасын береді. Қыркүйекте жүріп өткен күзгі бақылаудан жоғары нәтиже көрсеттік. Станцияға келген тексеру комиссиясы жұмысымыздан да мін таппады»,

– деп бастады әңгімесін. Боранды станциясы негізінен «Бурное» сүт зауытымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Ай сайын батыста Орал, Ақжайық, Ақтау қалаларына, шығыста Семей шаһарына 20-30 вагон сүт, ірімшік жібереді. Таулы аймақ болғандықтан, Жуалының көптеген ауылдарына көгілдір отын құбыры тартылмаған. Сондықтан ауыл тұрғындары көмір жағуға мәжбүр.

Аймақты қатты отынмен қамтып отырған Боранды станциясының теміржолшылары Қарағандыдан ай сайын 20 шақты вагон көмір қабылдай алады. Текесу өлкесінен осындағы мұнай базасына бағытталатын жанар-жағармай, өзге де аймақтардан келетін кебек, жем сынды жүк тиелген вагондар станцияның жұмысын қыздырып тұр. Махмұт Әжігелдіұлының айтуынша, Боранды станциясының мамандары тәулігіне 65-70 пойыз өткізеді. «Еуропаға

қатынайтын транзиттік пойыздар осы станция арқылы өтеді. Бір бағытты ұстанатын «Шаттл» пойыздарымыз бар. Осының барлығына станция кезекшілері мен билет кассирлері және басқалары бар, 58 теміржолшы қызмет көрсетеді. Арнайы киімдеріміз жеткілікті, материалдық-техникалық базамыз толық», – дейді станция басшысы.

Станцияға аға буынның ізін басқан жергілікті жас мамандар да келе бастаған. Үш жыл бұрын Алматы қаласындағы жоғары оқу орнын тәмамдап екі жас теміржолшы келген. Былтыр тағы бір жас маман жұмысқа қабылданды. Олардың үшеуі де осы Жуалының тумалары екен.

Станцияның ұйымшыл ұжымы қысқы маусымға сақдай сай әзірліктен кірген. Құм салынған жәшік, жолаушылар көпіріне себетін тұз, тежегіш доңғалақтың астына төсейтін құм – бәрі-бәрі дайын. Қатты аязда, үздіксіз соғатын боранда (бекер Боранды аталған ба?) теміржолшылар үшін үсікпен сақтайтын сықпа май, жылы киім бәрі алынған.

«Боранды деп аты айтып тұрғандай, біздің өлкенің қысқы табиғаты жайсыздау келеді. Сол кезде аз-маз өбiгерге түсетiнiмiз бар. Алайда осы табиғатқа үйренгенбiз, шыңдалғанбыз, күнi кеше байқау қорытындысында қысқа дайындығымыз комиссияның көңiлiнен шығып, арнайы марапатталдық», – дейдi боранды бекеттiң бастығы.

Суреттерді түсірген автор



АКТУАЛЬНО



ПРЕДЛАГАЕМ КЛИЕНТАМ ВСЕ ЛУЧШЕЕ

АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» перевозит грузы по всей территории Казахстана и через 16 стыковых пунктов с пятью соседними странами: Россией, Китаем, Узбекистаном, Кыргызстаном и Туркменистаном. Компания не стоит на месте, постоянно совершенствует сервис и предлагает клиентам все лучшие условия.

населения, – подчеркнул Кайрат Саурбаев. В то же время наблюдается снижение погрузки казахстанского зерна и продуктов перемолта. Так, за 9 месяцев текущего года погружено 7,1 миллиона тонн зерна, что ниже аналогичного периода прошлого года на 9%. Погрузка муки и продуктов перемолта уменьшилась на 23% к уровню 2018 года и составила 1,8 миллиона тонн. По словам специалистов, ситуация обусловлена низким урожаем по основным зерносеющим областям страны. – Есть и другие объективные причины. Это переход Турции и Италии на российское зерно, а Афганистаном – на пакистанское из-за невысоких цен за счет меньшего расстояния транспортировки. Сказывается также снижение спроса в странах Центральной Азии на наши продукты перемолта из-за увеличения таможенных пошлин на транзит и ввоз по территории Узбекистана. Кроме того, в Узбекистане были открыты свои мукомольные предприятия. Но между тем, мы располагаем достаточным парком зерновозов и крытых вагонов и готовы к перевозке заявленных объемов казахстанского зерна и продуктов перемолта, – заметил генеральный директор АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки».

ТАРИФЫ РЕШАЮТ МНОГОЕ

В соответствии с действующим законодательством РК, железнодорожные тарифы на перевозку грузов во внутреспубликанском и экспортно-импортном сообщениях по территории Казахстана подлежат государственному ценовому регулированию. Сдерживание уровня железнодорожных тарифов на протяжении многих лет на перевозку массовых грузов ниже их фактической себестоимости и сегодня негативно отражается на производственной-финансовой деятельности АО «НК «ҚТЖ». Аналитики отмечают, что регулируемая тарифная политика является дискриминационной по отношению к перевозчику, так как основана на дифференциации железнодорожных тарифов по родам грузов. Введение дифференциации тарифов по родам грузов позволит субсидировать воз-

никающие убытки АО «НК «ҚТЖ» от перевозок массовых грузов (угля, железной руды, зерна, строительных материалов, химикатов, удобрений и других грузов) за счет перевозок дорогостоящих грузов (нефтяных грузов, черных и цветных металлов). – Соотношение между тарифами до 4 раз создает зависимость АО «НК «ҚТЖ» от объемов перевозок высокодоходных грузов (черные и цветные металлы, нефтепродукты и т.д.). Формирование цен в промышленности на рыночной основе и сохранение государственного регулирования тарифов на железнодорожном транспорте поставило его, как отрасль экономики, в неравные условия в сравнении с другими отраслями промышленности, – говорит Кайрат Саурбаев. Снижение доходной базы продолжается до сих пор, в том числе за счет изменения структуры грузооборота, где доля грузооборота высокодоходных грузов с 2010-го по 2018 год снизилась с 23% до 12%. Сохраняется на сегодняшний день и перекрестное субсидирование пассажирских перевозок за счет грузовых, поскольку доплаты на пассажирские перевозки, выделяемые из республиканского и местного бюджетов, не покрывают затрат на их осуществление. При этом нужно учитывать, что сегодня на отечественном рынке помимо АО «НК «ҚТЖ» также присутствуют в режиме пилотного проекта два частных грузовых перевозчика, а еще более 30 компаний имеют лицензии на оказание услуг по перевозке грузов железнодорожным транспортом. В то же время частные перевозчики грузов свободны в выборе перевозимых грузов и маршрутов перевозок. Так, один частный перевозчик перевозит дорогостоящие грузы – нефтепродукты, второй осуществляет перевозки только на высокомаржинальных электрифицированных маршрутах, при этом оба не несут нагрузку по кросс-субсидированию пассажирских перевозок. – Решение проблемы мы видим в проведении большой совместной работы с госорганами при участии всех заинтересованных сторон – грузоотправителей, экспедиторов, грузополучателей – по введению

дифференциации тарифов на электро- и теплотягу, по родам грузов, установке равных рыночных условий ведения бизнеса для всех перевозчиков, что в целом будет способствовать стимулированию повышения операционной эффективности и развитию транспортной отрасли страны, – отмечает Кайрат Саурбаев.

ВО ГЛАВЕ УГЛА – КЛИЕНТООРИЕНТИРОВАННОСТЬ

Компания идет в ногу со временем и активно занимается развитием новых сервисов для грузоотправителей, экспедиторов и так далее. – В первую очередь, мы внедряем в процессы компоненты автоматизированной системы управления договорной и коммерческой работы, которая охватила все 456 станций Казахстана. На сегодняшний день по безбумажной технологии оформления перевозочных документов успешно работают порядка 37 тысяч клиентов, – говорит Кайрат Саурбаев. Внедрение системы позволило существенно упростить процесс и оптимизировать время работы. Планирование, к примеру, сократилось с 11 часов до 5 минут во внутривнутриреспубликанских отправлениях и с 2 дней до 1 часа в экспортных отправлениях, а переезда – с 2 дней до часа. За 9 месяцев 2019 года через систему обработано более 200 тысяч заявок на перевозку грузов. Также внедрен сервис отслеживания грузов, который предоставляет возможность клиентам получать информацию о месте нахождения вагонов и контейнеров в режиме реального времени. Помимо того в компании действует Call-центр, где клиенты могут получить всю необходимую справочную информацию, консультацию специалистов и ответы на вопросы, касающиеся услуг транспортной компании. – Мы планируем совершенствовать наши услуги для всех участников перевозочного процесса и дальше, – подытожил Кайрат Саурбаев.

Асель ШАЙХЫНОВА
Фото Александра ЖАБЧУКА

По словам генерального директора АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Кайрата Саурбаева, только за 9 месяцев этого года по сети АО «НК «ҚТЖ» погружено 187,4 миллиона тонн грузов, план погрузки выполнен на 100%. Тарифный грузооборот составил 163052 миллиона тонно-километров нетто, это на 0,4% больше, чем в январе по сентябрь прошлого года. Вырос объем перевозок в экспортном сообщении, достигнув 645 тысяч тонн. В частности, компания стала перевозить больше угля, железной руды, цветных металлов, химикатов, удобрений. – Это связано с планомерным улучшением качественных показателей эксплуатационной деятельности – среднесуточная производительность грузового вагона, оборот рабочего вагона, средняя участковая и техническая скорости движения грузового поезда, производительность локомотива и масса поезда, – говорит Кайрат Саурбаев. При этом АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» как национальный перевозчик ставит перевозку социально значимых грузов, таких как уголь, в приоритет, старается заблаговременно предпринимать меры по бесперебойной доставке твердого бытового топлива населению, в регионы. Но нужно понимать, что успешное проведение отопительного сезона зависит не только от перевозчика, но и от слаженных

усилий всех участников процесса. С начала года национальный перевозчик призывает грузоотправителей, в том числе крупные угледобывающие предприятия, обеспечить равномерную погрузку в летние месяцы, чтобы не создавать искусственный дефицит вагонов в осенне-зимний период. – Для этого мы постоянно проводим встречи с участием представителей местных исполнительных органов, заинтересованных госструктур, где обсуждалась возможность перераспределения бюджетов областей и районов на закуп угля с четвертого квартала на второй и третий, – отмечает генеральный директор. Кроме того, в компании создан и успешно работает специальный оперативный штаб по перевозке угля, который контролирует обеспечение заявок грузоотправителей, выполнение оборота вагонов, а также мониторит остатки запаса твердого топлива на складах ТЭЦ и ГРЭС. **ХВАТАЕТ ЛИ ВАГОНОВ?** АО «НК «ҚТЖ» располагает достаточным количеством полувагонов. На территории Казахстана их зарегистрировано более 59 тысяч, и 55% из них задействованы в перевозке твердого бытового топлива. – Отмечу, что за пять месяцев отопительного сезона этого года для казахстанских потребителей погружено 27 миллионов тонн угля, что превышает план на 2%. 23,3 миллиона из них – для ТЭЦ, 3,9 – для нужд

МЕСЯЧНИК

УСИЛИЛИ КОНТРОЛЬ

Месячник в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо «Контроль боковой рамы» будет завершен к 4 декабря. Он направлен на обеспечение безопасности движения поездов, исключение излома литых тележек грузовых вагонов.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

– Месячник с 4 ноября по 4 декабря у нас проходит, согласно протокольному поручению руководства департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ», – сообщила инженер-технолог Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Эльмира Капарова. Во всех уголках безопасности на предприятии развешали аншлаги, с 4 по 7 ноября командно-

инструкторский состав провел внеочередные технические занятия по методам выявления неисправностей тележек. При этом особое внимание обращается на состояние опорной поверхности и зоны радиуса R-55 буксового проема, наличие знаков маркировки, соответствие их комплектации фактическим данным условного номера изготовителя. В рамках месячника на всех линейных ПТО и КПТО проводят инструктажи с причастными работниками. Те изучают передовые методы обнаружения трещин надрес-

сорных балок и боковых рам, зоны повышенного износа, критерии браковки литых деталей тележек. Командно-инструкторский состав в течение месячника принимает участие в работе комиссии на предмет соблюдения выполнения требований технологического процесса ремонта тележек, проведения неразрушающего контроля литых деталей тележек, входного контроля деталей тележек. Каждую смену приемщики вагонов устанавливают проверку, как проводится весь комплекс работ по дефектоскопированию боковых рам надрессорных балок на ремонтном предприятии. Командно-инструкторский состав, старшие осмотрички вагонов и другие уполномоченные должностные лица по плану в течение месячника проводят проверки качества технического осмотра поездов на основных ПТО и КПТО, как их работники соблюдают технологию осмотра и ремонта грузовых вагонов. Как говорят в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо, дефектов боковых рам с начала месячника пока не было обнаружено.

СЕМИНАР

ПОЛЕЗНЫЙ ДИАЛОГ

Обеспечение безопасности движения поездов, нормативно-правовые документы, работа подъездных путей, сохранность перевозимых грузов – эти вопросы стали главными на семинаре, прошедшем в Алматинском отделении грузовых перевозок.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В семинаре приняли участие руководство Алматинского отделения грузовых перевозок, начальники станций, инженерно-технический состав, коммерческие ревизоры. Открывая мероприятие, первый заместитель директора Алматинского отделения ГП Алмат Дусекеев отметил, что грузовая и коммерческая работа занимает важное место в эксплуатационной деятельности железной дороги и включает комплекс вопросов, связанных с перевозочным процессом, с его начальными и конечными операциями – погрузкой и выгрузкой, с организацией прогрессивных видов перевозок – контейнерных и маршрутных. – Данный семинар станет большим подспорьем в работе обеспечения безопасности движения поездов, сохранности грузов, планировании перевозок, в вопросах таможенной деятельности и обсуждении проблемных вопросов, – сказал он. На семинаре прозвучало, что растущие объемы перевозок грузов требуют эффективности работы грузового хозяйства, подъездных путей, внедрения передовых технологий, постоянного совершенствования организации перевозочного процесса, четкой и слаженной работы по организации грузовых и коммерческих операций. В ходе встречи поднимались вопросы по таможенной работе на транспорте. Так, за 10 месяцев текущего года ДГД МФ РК вынесено



159 постановлений по административным штрафам на общую сумму 1666500 тенге, из них 44 отнесено на ответственность работников станций. Также обсуждались вопросы сохранности перевозимых грузов, нарушения оформления несохранных перевозок. Речь шла и о актово-презионной работе. За 10 месяцев с учетом станций Алашанькоу и Хоргос составлен 15961 коммерческий акт. Участники семинара заострили внимание на работе в ветвевладельцами, К39 грузовым станциям Алматинского отделения ГП примыкают 495 подъездных путей. По итогам года в целом по Алматинскому отделению ГП среднесуточный грузооборот подъездных путей

составил 2809 вагонов против 2615 за аналогичный период 2018 года, то есть увеличился на 194 вагона. Среди докладов, обсуждаемых на семинаре, были и о контейнерных поездах. За 10 месяцев 2019 года объемные показатели по контейнерным перевозкам составили 69345 единиц, или 123193 ДФЭ, по сравнению с аналогичным периодом 2018 года увеличение составило 17,7%. С начала года по Алматинскому отделению проследовало 3579 контейнерных поездов. Их средняя маршрутная скорость составила 886 километров в сутки. Подобные выездные семинары будут организованы на всех станциях Алматинского региона. Фото автора

БЕЗОПАСНОСТЬ



НОВЫЕ РЕШЕНИЯ

В Павлодарском отделении ГП за десять месяцев текущего года зафиксировано более 200 случаев экстренных торможений по причине нахождения на железнодорожных путях людей, домашнего скота и транспорта. На минувшей неделе во время межведомственного совещания сотрудники стальной магистрали, транспортной прокуратуры и линейной полиции на станции Павлодар пытались найти новые решения актуальной проблемы. По информации спикеров, участвовали факты наезда подвижного состава на людей и домашний скот. Участники совещания рассмотрели вопросы по обеспечению безопасности на железнодорожном транспорте и эффективные меры по предотвращению фактов экстренного торможения поездов из-за нахождения на железнодорожных путях посторонних людей и домашнего скота. Как сообщили прокурор Павлодарской транспортной прокуратуры Даниярбек Абилгазиев, в этом году зафиксировано более 200 фактов экстренного торможения. Показатель не снижается. – Из-за нахождения людей на железнодорожных путях произошло 42 случая, скота – 153, транспорта – 5, – рассказал он. – В качестве эффективных мер предлагаю рассмотреть вопрос установки видеорегистраторов в локомотивах подвижного состава и строительства оградительных сооружений. Только объединив усилия можно предотвратить несчастные случаи на железнодорожных путях и экстренные торможения, которые могут привести к непоправимым последствиям. Для оперативного реагирования участниками совещания решено разработать алгоритм действий при совершении экстренного торможения, в том числе заблаговременного оповещения о нахождении вблизи железнодорожного полотна домашних животных. Железнодорожники и правоохранительные органы предупреждают, что железная дорога – это зона повышенной опасности. И несоблюдение правил безопасности на этой территории приводит к несчастным случаям. К слову, в начале ноября сотрудники департамента полиции по Павлодарской области провели рейд на железнодорожных переездах. По результатам проверок стражи порядка выявили 131 нарушение на 131 железнодорожном переезде. На объектах отсутствовали необходимые дорожные знаки, нет освещения, плохое состояние настила. 19 должностных лиц привлечены к административной ответственности на общую сумму 606 тысяч тенге. За неудовлетворительное содержание дорог оштрафованы 149 должностных и юридических лиц на общую сумму порядка 4 миллионов тенге. Айдаңа ЕРТАЙ
Фото автора

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» акционерлік қоғамының «Қызылорда ЖТ бөлімшесі» филиалы және «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Қызылорда филиалы, Ардагерлер кеңесінің басшылықтары филиалымыздың ардагері **Бадрақов Бостан Әбтайұлының** қайтыс болуына байланысты әулеттеріңіздің орны толмас ауыр қайғысын бөлісіп, көңіл айтады.

«Әскерилендірілген темір жол күзеті» акционерлік қоғамының басшылығы, еңбек ұжымы және кәсіби одағы Әскерилендірілген күзетті қамтамасыз ету департаментінің директоры Серікжан Ікжанұлы Атымановқа, оның жақындарына ағасы **Сержан Ікжанұлы Атымановтың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

NM NUR MEDIA

«Нур-Медиа» ЖШС Бас директоры **Болат КАЛЬЯНБЕКОВ**

Бас редактор **Дина МУЗДУБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары **Меруерт ӨМІРЗАҚОВА**

Редакцияның мекен-жайы: Нур-Сұлтан қ., Кенесары, көшесі, 25. Бөлім тел.: 8 (7172) 94-57-93, 94-55-34, 94-40-37, 94-42-07, 94-52-88, railnews@mail.ru

Газет басылған қалалар: Нур-Сұлтан, Сілеп 30 «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС Астана, Шығысқапталы кеші, 372. «Ақпарат-Сервис» ЖШС Шымкент, Шығысқапталы кеші, 22. «ERNUR» Ресей ЖШС

Басылған таралым 14121 Газет тарату және желісі қызметімен «Нур-Медиа» ЖШС айналысады © Жарнама. Жарнама жеткізу және бағалау беріледі. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінің жарияланған материалдарды өлеңдер немесе өлеңдер басу үшін рәсімделген жазбалар ретінде алынуы, газетке сілтеме жасалуы мүмкін. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама материалына жауап бермейді. Көлік редакторлары: **Р. Рахметов, С. Бексенова**

Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 (7172) 94-52-88, 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Жарнама жөніндегі менеджер Жанель Сағындықова, тел. 8 (7172) 24-95-44, e-mail: reklama_hf@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұйралық ақпарат ісі жөніндегі Ултық агенттігіне тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.

СЕРВИС

ДОСТУПНАЯ СРЕДА ДЛЯ ОСОБЫХ ЛЮДЕЙ

В план ремонтных работ на железнодорожном вокзале Караганды входит обеспечение людей с особыми физическими потребностями комфортными условиями по программе «Доступная среда».

В настоящее время производится оснащение территории вокзала тактильными наземными указателями. Так называемые специальные тротуарные покрытия делают более комфортным и безопасным перемещение для слабовидящих людей.

Как отметил начальник отдела строительной компании Дуйсенбай Есиркепов, для безопасности пассажиров также в проекте предусмотрен

надземный переход. До конца года подрядчики обещают завершить работы по реконструкции железнодорожного вокзала. Обновленный объект будет принимать специальная комиссия, в которую войдут и люди с ограниченными возможностями.

После ремонта из новой пристройки к зданию будет проходить конкурс на 2-й, 3-й и 4-й пути. Здесь же установят лифт и эскалатор. Сто-



ит отметить, что слабовидящие пассажиры будут находиться в полной безопасности в сопровождении работников вокзала.
Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

2019 – ЖАСТАР ЖЫЛЫ

«МАҢҒЫСТАУ.КЗ» ОЙЫНШЫСЫ – ҮЗДІК

Түбектің жас теміржолшысы Маңғыстау өңірі бойынша жылдың үздік жайдарман ойыншысы атанды.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Теміржолшы жігіт бұл атаққа Қазақстан ҚВН одағы Маңғыстау филиалының ұйымдастыруымен өткен облыстық ашық чемпионаттың финалдық сайысының қорытындысында ие болды.

Сайысқа чемпионаттың ширек және жартылай финалдық бәсекелерінде өнер көрсетіп, озық шыққандар ғана қатысты. Соның ішінде өңір теміржолшының «Маңғыстау.кз» жайдарманшылар командасы да болды. Аталған құрамның белді мүшесі, астарлы әзіл мен қағытпа қалжыңды актерлік шеберлікпен ұштастыра ойын көрсетіп жүрген Ғалымжан Жексенов «Үздік ойыншы» номинациясын алды. Әрине, бұл Ғалымжанның



алғашқы марапаты емес. Топтың ішінде өзіндік орны бар жігіт барлық жарыстардан командасымен немесе өзі жұлдісіз қайтқан емес. Бұған дейін де дәл осындай аталымды бірнеше мәрте иеленіпті.

– 2015 жылы Алматы ашық лигасының «Student life» лигасы финалынан, 2017 жылы Ақтөбеді

Батысаралық өңірлік ҚВН ҚТЖ лигасы сайысында, 2018 жылы Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының жоғарғы лига ақтық мәресінде, сол жылы сондай-ақ Астанада ҚТЖ ҚВН лигасының финалында «Үздік ойыншы» аталымын алғанмын. Міне, Ақтау қаласында қол жеткізген бүгінгі

марапатыммен осы жылы Жайдарманмен қош айтыспақпын, – деп күлді Ғалымжан.

Біздің «неге?» деп сұрайтынмызды білген ол, жайдарманшы емес пе, әзіл-шыны аралас қалжыңдай сөзін жалғады. Өйткені, Ғалымжан бес жылдан бері жүрегінде жүрген аруына үйленуді жоспарлап отыр екен.

– Анамның енді «Үздік ойыншыны» емес, үздік келін алып кел деген өтінішін орындағалы отырмын, – деп қалжыңдаған ол, – қатарларым алдеқашан отбасылы, бала-шағалы болды, сондықтан енді мен де отбасын құрып, бар зейінімді қызметіме салып, болашақта өз салам бойынша да үздіктер қатарынан көрінгім келеді, – деген Ғалымжанға сәттілік тіледік.

Айта кетейік, Ғ.Жексенов 2016 жылы Қазақ қатынасы жолдары университетін бітіріп, 2017 жылдан бері Маңғыстау станциясында жүк транзиттік агенті болып еңбек етеді. Содан бері ҚТЖ көлемінде өтіп жатқан талай жастар форумына, КТК ойындарына қатысып, біраз марапаттарға қол жеткізген.

Суретті түсірген автор

ТРЕНИНГ

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ПОДХОД

15 сотрудников центрального аппарата и региональных филиалов АО «Қазтеміртранс» прошли курс обучения «Внутренний аудит интегрированной системы менеджмента согласно международному стандарту ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018».

Любовь РОВБА

В ходе двухдневного тренинга представители компании «Лидер-НС» разъяснили участникам требования международных стандартов и их ключевые особенности, принципы построения и совершенствования интегрированной системы менеджмента (ИСМ), методики проведения внутреннего аудита и его значение для развития ИСМ.

Кроме того, были обозначены этапы аудита, роль и обязанности сотрудников компании при его проведении, оценка области распространения и анализ документации ИСМ классификация несоответствий, отчетность по аудиту и дальнейшие действия.

Процесс обучения включал в себя не только теорию, но и дискуссии и практическую часть.

Так, на практических примерах участники отработывали умение проводить внутренний аудит, обрабатывать и анали-

зировать собранные данные и четко формулировать результат.

После успешного тестирования все слушатели получили сертификаты внутренних аудиторов интегрированной системы менеджмента.

– На обучении мы получили теоретические и практические знания, необходимые для проведения внутреннего аудита систем менеджмента. Среди участников тренинга – 10 представителей филиалов компании, которые на местах будут доводить до работников все бизнес-процессы, необходимость актуализации документов. А в декабре во время внутреннего аудита мы дополнительно проведем с ними разъяснительную работу, – поделился директор департамента развития АО «Қазтеміртранс» Талғат Таласпаев. – Коллектив нашего департамента сравнительно новый, поэтому основные цели и задачи сегодня – наладить работу с филиалами, чтобы каждый работник понимал, для чего он нужен.

2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ

ГАЗЕТКЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР үшін индекс – 65358
қала бойынша баға – 3811,60 теңге
облыс бойынша баға – 4035,20 теңге

ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАР үшін индекс – 15358
қала бойынша баға – 4657,60 теңге
облыс бойынша баға – 4881,20 теңге

ЖЕҢІЛДІК АЛАТЫНДАР үшін индекс – 55358
қала бойынша баға – 3691,60 теңге
облыс бойынша баға – 3915,20 теңге

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНЫ 8 (7172) 94-52-88

СПОРТ



ДӘСТҮРЛІ СПАРТАКИАДА БАСТАЛДЫ

Осымен тоғызыншы жыл қатарынан «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Орталық аппараты және филиалдары мен еншілес ұйымдары арасында Тәуелсіздік күніне арналған «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ спартакиадасына қош келдіңіздер!

Міне, биыл да басталған сайыс 16 қараша мен 7 желтоқсан аралығында өтіп, теміржолшылар спорттың 5 түрінен өзара жарысқа түспек. Биылғы жарыстарға 25 команда қатысуда. Елордадағы Назарбаев университетінің спорт кешенінде өткен Спартакиаданың ашылу салтанатына әріптестерге қолдау білдіруге «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ басқарма төрағасының корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі орынбасары Серік Әбденев, «Қазпрофтранс» ҚБ директоры Оразғали Ахметбаев келді. Ашылу рәсіміне қатысып, командаларға сәттілік тіледі.

Спартакиаданың тұсаукесерін волейбол ойынымен бастаған 21 команда аталған жарыста өте таласты да тартысты ойын көрсетті.

– Барлық командалар 7 ішкі топқа бөлінді. Бастапқы жарыстарда әрбір ішкі топта ойындар шеңбер бойынша өтті. Сол ішкі топтарда екі команда үшінші орын алды. Осы топтарда 1-2 орын алғандар әрі қарай басты жүлде үшін таласты. Ойын өте қызықты өтті деп ойлаймын. Сарапшының көз алдында өткен жарыстың нәтижесінде бірінші орынды волейболдан өте шебер ойын көрсеткен «Қамқор-менеджмент» ЖШС алды. Бұл командада көптен келе



жатқан, біршама халықаралық жарыстарда жүлделер алып жүрген мықты ойыншылар көп. Екінші орынды «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Экспресс» филиалының командасы иеленді. Үшінші орын Корпоративтік орталыққа берілді. Бірінші күнді қорытындысы осындай, – деп мәлімет берді «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің менеджері Ольга Липчанская.

Келесі ойын түрлері – үстел теннисі бойынша жарыс 23 қарашада Теннис орталығында, одан кейін шахматтан 24 қарашада «Астана» орталық шахмат клубында, шағын футболдан 30 қарашада осы университеттің спорт кешенінде, ал 7

желтоқсанда баскетболдан «ҚМГ» ҰҚ» АҚ спорт залында өтпек.

Адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері Ақмарал Байбаболованың айтуынша, биылғы Спартакиаданың ерекшелігі – жарыстың осындай беделді оқу орнының қабырғасында өтуі және көптеген қызметкерлердің отбасыларының жарысқа жанкүйер ретінде көптеп келіп қатысуында. Жалпы спорт саласына ерекше мән беретін ұлттық компанияда қызметкерлердің де осындай жарыстарға қатысуға белсенділіктері жылдан-жылға артып келе жатқаны қуантады.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

Суретті түсірген Александр ЖАБҰЖ

ДЕНСАУЛЫҚ

КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Жақында Көліктегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінде ведомстволық үйлестіру кеңесінің кезекті отырысы болып өтті.

Оған жолаушы тасымалына қызмет көрсететін «Жолаушылар тасымалы» АҚ, жекемелік тасымалдаушылардан «Марал-Нұр», «ARLAN-TRANS-ASTANA», «Сары-Арқа Компани», «Номадас» ЖШС өкілдері қатысты.

Кеңес отырысында ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылғы 31 мамырдағы №359 бұйрығы бойынша «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар – бұзушылықтарды жою бойынша техникалық шараларды аяқтау және жолаушылар вагондарына санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алу; тараптар арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарды келістіру және іске асыру; маусымдық тұмауға қарсы вакцинацияны қамтамасыз ету және скринингтен өту жайын қамту» тақырыптары сөз болып, «Жолаушылар тасымалы» АҚ және жеке тасымалдаушылар атынан пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігі бойынша жылжымалы құрам менеджері А.Исламов, оған қосымша департаменттің қоғамдық денсаулық қорғау бөлімінің басшысы С.Хайруллин баяндама жасады.

Ал эпидемиологиялық маусымда тұмаудың алдын алу шаралары туралы қоғамдық денсаулық қорғау бөлімінің бас маманы Р.Жүсіп баяндап, жағдайды слайд-шоумен көрсетті.

Отырыс соңында тасымалдаушылар жүргізілген жұмыстары жайлы есеп берді. Жолаушылар вагондарының 1045-і санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алған, ал 5501 жұмысшы-қызметкер вакцинация қабылдау керек болса, бүгінгі күні олардың 2412-і ғана алып үлгерген екен. Сондай-ақ, көлік қызметкерлерінің 94,4 пайызы скринингтен өткен.

Үйлестіру кеңесі отырысының талқысынан кейін, тиісінше қорытынды шешім қабылданды.

Төрбай КЕНЖЕБАЙ